

- 3 С.Жүсіп. Әлихан Бөкейхан - әдебиеттанушы. ҚРҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1992. №5. 28-38б.
- 4 Р.Нұрғалиев «Әлихан Бөкейхановтың шығармашылық мұрасы» «Ақиқат» 1994 қараша №11 64б.
- 5 А.Букейханов. Абай /Ибраһим/ Кунанбаев. Некролог. «Семипалатинский листок», 25,26,27.XI.I. №2507
- 6 Ә.Бөкейхан. Таңдамалы. «Қазақ энциклопедиясы». Алматы 1995. 10б
- 7 А.Ісімақова «Алаш әдебиеттануы», «Мектеп» 2009. 111б.

#### References

- 1 S.Aққұлы. Ә.Бөкейхан – әдебиетші ретінде. «Zhıldyz». 1993. №6.
- 2 A.Baytұrsynov.Әдебиет танытқыш. Шығармалар жинағы. А. - 1989
- 3 S.Zhysip. Әлихан Бөкейхан - әдебиеттанушы. ҚРҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1992. №5. 28-38б.
- 4 R.Nұrғалиев «Әлихан Бөкейхановтың шығармашылық мұрасы» «Ақиқат» 1994 қараша №11 64б.
- 5 A.Bukeyhanov. Abay /Ibrahim/ Kunanbaev. Nekrolog. «Semipalatinskiy listok», 25,26,27.XI.I. №2507
- 6 Ә.Бөкейхан. Таңдамалы. «Қазақ энциклопедиясы». Алматы 1995. 10б
- 7 A.Isimaqova «Alash әдебиеттануы», «Мектеп» 2009. 111б.

ӘОЖ 81:001.12/.18

А.М. Рахимова

Абай атындағы ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институты, III курс докторанты,  
Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: [rakhimova-86@mail.ru](mailto:rakhimova-86@mail.ru)

### Интеллект мәнді фразеологизмдер

Қазақ лингвистикасында фразеологиялық бірліктер берілген мағынасына қарай әртүрлі топтарға топтастырылып, жан-жақты зерттелген аспектіге жатады. «Интеллект мәнді фразеологизмдер» атты мақалада ҚТФС-да қамтылған адамның ақыл-ой жүйесіне байланысты қалыптасқан фразеологизмдер жинақталып, қолданылуы мен жасалу жолдарына қарай талданып, топтастырылған. Интеллект мәнінің фразеологизмдерде берілуінің ерекшеліктері көрсетілген.

**Түйін сөздер:** тұрақты тіркес, интеллект, интеллектуалдық қызмет, интеллектуалдық сипат, тірек ұғым.

А.М. Rakhimova

#### Theme: Phraseological units with value of intellectual activity

In article the use and formation of phraseological units with value of intellectual activity is considered. According to contents of article in the Kazakh language phraseological units with value of intellectual activity at education rest on such keywords as "akyl", "kongil", "koz", "oi", "tyl", "mi". As the author shares phraseological units with value of intellectual activity on two groups: phraseological units designating intellectual actions of the person designating intellectual character, phraseological units. From them such groups as were allocated: "oylau, saralau", "bilu, mengeru", "sheshen, akyn", "Aylaly, tapkyr", "bilimdy, tazhytibely", "akyl-kenes беру". In the article the author specifies that all examples (offers) are followed from "The phraseological dictionary of the Kazakh language" (1977). Article is based on the frazeologo-semantic analysis.

**Keywords:** formation of phraseological units, use of frazeologizm, value, intellectual activity, character, actions, key concepts.

А.М. Рахимова

#### Фразеологизмы со значением интеллектуальной деятельности

В статье рассматривается употребление и образование фразеологизмов со значением интеллектуальной деятельности. По содержанию статьи в казахском языке фразеологизмы со значением интеллектуальной деятельности при образовании упираются на такие ключевые слова, как «ақыл», «көңіл», «көз», «ой», «тіл», «ми». Так же автор делит фразеологизмы со значением интеллектуальной деятельности на две группы: фразеологизмы, обозначающие интеллектуальный характер, фразеологизмы, обозначающие интеллектуальные действия человека. Из них были выделены такие группы, как: «Ойлау, саралау», «Білу, менгеру», «Шешен, ақын», «Айлалы, тапқыр», «Білімді, тәжірибелі», «Ақыл-кеңес беру». В своей статье автор указывает, что все примеры (предложения) взяты из «Фразеологического словаря казахского языка» (1977). Статья основана на фразеолого-семантическом анализе.

**Ключевые слова:** образование фразеологизмов, употребление фразеологизмов, значение, интеллектуальная деятельность, характер, действия, ключевые понятия.

Кез келген тілдегі тұрақты тіркестер – халықтың салт-санасынан ақпарат беретін адам ақыл-ойының тілдік көрінісі. Халықтың танымын аңғартатын, ұлттың үшқыр ойын, терең білімін айқындайтын, ғасырлар бойы қолданысын жоймай келе жатқан фразеологизмдер адамның интеллектуалдық сипатын таныту үшін қолданылады. Қазақ тілінде жиі айтылатын: *көзі ашық (білімді адам, тереңнен ойлайтын жан), ақылы там (ақылды, ақылы мол), надан кеуде (көңілі соқыр, топас адам), ақылы Алатондай (дана) және т.б.* көптеген қолданыстар бар. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде адамның ақылын танытатын, білім дең-

гейін көрсететін, ойлау дәрежесін, шешендігін білдіретін немесе интеллектісінің төмендігін я, біліктілігін бейнелейтін жізге жуық тұрақты тіркес қамтылған.

Адамның ақыл-ой, парасат (интеллект) деңгейінен хабар беретін тұрақты тіркестер көбінесе тірек ұғымға негізделіп жасалады. Мысалы:

1. «Ақыл» ұғымы тірек болған фразеологизмдер: ақыл құсы адаспай аспандаса (*ой-санасы шарықтаса, алысқа ой жіберсе*), ақыл қосты (*кеңес берді, ой салды*), ақыл сөз (*ой саларлық, дұрыс кеңес*), ақыл тапты (*шаруаның ретін, жөнін келтірді*), ақыл таразысына салды (*ой елегіне салып, екиеді, артық-кемін оймен*

салмақтады), ақылы Аплатондай (дана), ақылы Балқаш, ақылы көл-көсір, ақылы там (ақылды, ақылы мол).

2. «Көз» ұғымы тірек болған фразеологизмдер: көзі ашық (білімді адам, тереңнен ойлайтын жан), көзі ашылды (1. Көкірегін, санасын оянтты; санасы оянды, өмірді білді, таныды. 2. Сордан арылды, теңдікке, еркіндікке жетті), көзі қанық (жете білетін, білгір кісі), көз қарақты (білімді, оқыған адам, көкірегі сара).

3. «Ой» ұғымы тірек болған фразеологизмдер: ойға қонымды (көңілге, ақылға сыятын; түсінікті), ойға салды (ойланып қарады, пікір таразысын өлшеді), ой көзімен тыңдады (зейімен, ақылға сала құлақ қойды), ой кіргелі (ақылға ие болғалы, ақыл қонғалы), ой салды (әр түрлі ой оралтты, әр түрлі пікір ұялатты), ой тоқтатты (1. Ер жетті, ақылы толысты. 2. Тұрақты пікірге, бір тоқтамға келді, зер салды, назар аударды), ой туды (жаңа пікір келді, сана-сезімі, ойы оянды), ой түбіне жетпеді (көп ойланды, ой ұшың ұстай алмады).

4. «Тіл» ұғымы тірек болған фразеологизмдер: орақ ауыз/от ауыз/от тілді, орақ ауызды (өткір, өктем тілді, адуынды мінезді; тілді кісі), өткір тілді (кесіп түсер тура сөзді кісі; бет-жүзі деп иба етіп жатпас тура айтар тіл), тілі мірдің оғындай/тілі өткір (1. Тілі шаян шаққандай ащы. 2. Тілі тіліп түсер, дегенін жеріне жеткізе дәл, тура айта алатын адам), қызыл тіл (шешен, орамды, жүйрік тіл), тілге


жүйрік (сөзге шешен, шебер), тілдің майын ағызды (сөзге шебер, шешен кісі туралы айтылады), тілінің ебі бар (сөзге шебер, шешен), ұғым жасады (диал. ұғынды, қорытынды асады), буынсыз тіл (шешен, сөзшең), алмас тілді (өткір, әділ тілді; шешен сөзді; сөзі мірдің оғындай).

5. «Ми» ұғымы тірек болған фразеологизмдер: ми кептірді (бас қатырды, әуре қылды), ми толмады (ақыл-ойы жетілмеді), миы жетті/миына қонды (ақыл алды; түсінерліктей, ұғынарлықтай болды), ми жетті (ақыл жетті, білді).

6. «Көңіл» ұғымы тірек болған фразеологизмдер: көңілдегі жерінен шықты (ойлағандай, дйттегендей болды), көңілдегі кірді тапты (ойындағы сырды білді), көңілден көңіл су ішер (рухани сұхбаттасу мағынасында айтылады), көңіл жүйрік (білгір, алғыр), көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе (ұшқыр қиял туралы айтылады), көңілге бекітті (есте сақтады, жадында ұстады).

Адамның осындай ақыл-ойы, парасаты, саналылығын сипаттайтын фразеологиялық бірліктер тіліміздегі «интеллект» концептісінің мағыналық-ақпараттық аясын жан-жақты кеңейтіп, тередете түседі.

Жалпы интеллект мәніне қатысты тұрақты тіркестерді екі негізгі топқа бөлуге болады (1-сурет): адамның интеллектуалдық әрекет-қызметін білдіретін және интеллектуалдық қабілетін сипаттайтын тұрақты тіркестер.



1-сурет

Сызбада бейнеленгендей, «Интеллектуалдық әрекет-қызметті білдіретін ТТ» тобына енетін интеллект мәнді фразеологизмдерді жиналған тілдік фактілер негізінде:

1. «Ойлау, саралау» мағынасындағы тұрақты тіркестер.

Ой салды [түсірді, тастады] (әртүрлі ой оралтты, әртүрлі пікір ұялатты). Мысалы: *Әр жайға өздігімен, кейде өз бетімен тыңойлар айтқыш Жандос қазір жаңа бір ой тастады* (М. Әуезов).

Ой туды [келді, түсті] (жаңа пікір келді, сана-сезімі, ойы оянды). Мысалы: *Ой артынан ой туар, Желге мінсең, жеткізбес* (Абай).

Ойға салды (ойланып қарады, пікір таразысына өлшеді). Мысалы: *Кім біледі кез болса артағылар, Ойға салып оқыр да сөзін сынар* (Абай).

Ой көзімен тыңдады (зейінмен, ақылға сала құлақ қойды). Мысалы: *Жақсы өнді тыңдасаң ой көзімен, Өмір сәуле көрсетер судай тұнық* (Абай).

Алды-артына қарады (түбін ойлады; келеркетерін аңғарды; пайымдады, жан-жағын топшылады, абайлады). Мысалы: *Сонда ақын беліп буып, Алды-артына қаранар. Дүние кірін жуып, көрініп ойға сөз салар* (Абай).

Алды-артын орады (алдын-ала ойлап, қарсы келуге мұрша бермеді). Мысалы: *Алды-артымды орап, қамап болдың-ау, жарқыным* (Абай).

Ақыл [ой] таразысына салды (ой елегіне салып, екшеді, артық-кемін оймен салмақтады). Мысалы: *Қобыланды мен Ақжол дауын тағы да ақыл таразысына салу керек* (І. Есенберлин).

Өлшеу қылды (ақылы таразысына салды). Мысалы: *Ақыл-мизан өлшеу қыл. Егер тзу көрінсе, Мейлің таста, мейлің күл* (Абай).

Абайлап [байқап] сөйледі (сақ сөйледі, байымдап сөйледі, аңдап сөйледі). Мысалы: *Абайлап сөйле барланып. Бұл сезім мақұл емес пе, Қарашы өзің ойланып* (Айтыс).

2. «Білу, меңгеру» мағынасындағы тұрақты тіркестер.

Көзі ашылды/көз [көзін] ашты (1. Көкірегін, санасын оятты; санасы оянды, өмірді білді, таныды 2. Сордан арылды, тендікке, еркіндікке қол жетті 3. Бір нәрсенің тиегі ағытылды; жолы ашылды, қолайлы жағдай туды 4. Сауаттанды, білім алды). Мысалы: *Сенің көзіңді қыран көзіндей етіп сол ашқан екен* (М. Әуезов). *Бірен-саран оқып, көзі ашылған әйел болмаса, көпшілігі әлі күнге ошақтың үш бұтынаныға алмай отыр* (Б. Майлин).

Көзін тапты (істің ретін, орайын келтірді). Мысалы: *Еш нәрсенің көзін таппай, кібіртіктей жүріп, жоқ жерде оқыс кетуіңіз де мүм-*

*кін, - деді Қаржас Медешбековқа* (Ә. Сатыбалдиев).

Миы жетті/миына қонды (ақылы алды; түсінерліктей, ұғынарлықтай болды). Мысалы: *Созған енді гана миың жетті гой!* (ауызекі сөйлеуде).

Ми жетті (ақыл жетті, білді). Мысалы: *Алло! Алло! – деген не? Кім сөйледі, шырағым, Мынау темір көмейде? Жетер ме екен, балам, ми? – деп сұрады анау шал, Қасында тұр бір бала* (І. Жансүгіров).

Зият болды (парасатты, артықша, жарқын болды). Мысалы: *Ақыл, ғылым, пугылдың білсін парқын. Астан жілік тістейсің, тойдан ілік, Шарапатты жақсымен жүрсең жақын* (Ақан сері).

Сауаты ашылды (таным, білімі, түсінігі кеңіді). Мысалы: *Шаршап келген шығар. Мазасын неге алдың? – дедді Бәтима ері Ақанға. – Абай сөзі шаршағанға – қуат, сауатсызға – сауат емес пе? – деді Ақан. – Абайды оқумен сауатың ашылса, ашылатын болып еді гой, - деді Бәтима* (Ғ. Мұстафин).

Сауат ашты (хат таныды). Мысалы: *Ішанде сауатын ашқан біреуі жоқ, сонда да кітаптың әрбір сөзін қалт жібермейді* (І. Омаров).

Сөз таныды (сөз білді). Мысалы: *Бөтен сөзбен былғанса, сөз арасы, Ол – ақынның білімсіз бишарасы. Айтушы мен тыңдаушы көбі надан, Бұл жүрттың сөз танымас бір парасы* (Абай).

Ебін [есебін] тапты (амалын келтірді, істің жөнін, қисынын келтірді). Мысалы: *Есебін тапқан екі асар* (мақал).

3. «Ақыл-кеңес беру» мағынасындағы тұрақты тіркестер.

Жол [жөн] көрсетті [сілтеді] (басшылық жасады, өміріне бағыт сілтеді). Мысалы: *Ел ішінен сау келсең, Тағылым айтпас ер ме едің? Жол көрсетіп, сонда өлсең, Арманым бар дер ме едім* (Абай).

Жөн айтты (1. Жөн сілтеді 2. Ақыл-кеңес берді). Мысалы: *Қысқа күнде ол қамтып, Шығады қырық колхозды. Бәріне де жөн айттып, Маздатады мол сөзді* (Қ. Бекхожин).

Жөнге салды (1. Жолға түсірді 2. Бетін жолға салды). Мысалы: *Солардан бас қорғау ретінде және бір жағынан жаманын жазалаймын, жөнге саламын деген талаппен Абай алысады* (М. Әуезов).

Келеге кеңес кіргізді (ортаға ой, ақыл салды; қауымға ақыл қосты). Мысалы: *О, шіркіндер, ол күнде Бұл күніңді ойлап па еді! Ол күнге енді бір сәлем! Онан бері өтейін, Келеге кеңес кіргізген Кешегі күнге жетейін* (І. Жансүгіров).

Келегелі кеңес [сөз] (ақылға қонымды, ауқымды әңгіме). Мысалы: *Етпекке кеңес келелі, Азырақ сөйлеп берелі. Бақ пен дәулет тең келсе, Адамның болар кемелі* (Майлықожа).

Ақыл тапты (шаруаның ретін, жөнін келтірді). Мысалы: *Адамзат тірлікті дәулет білмек, Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек. Екуеінің бірі жоқ, ауыл кезіп, Не қорлық құр қылжаңмен күн өткізбек?* (Абай).

Тағлым тұтты [алды] (ісін, мінезін, ақыл-парасатын өнеге етті). Мысалы: *Қазірдей көктем емес, Ол да күзде. Албырт шақ, Дүние де кең де бізге. Ақылын ағалардың Тағылы тұттық, Ар-ұят ұялаған кеудемізде* (Қ. Бекхожин).

Ақыл қосты [айтты, берді, салды] (кеңес берді, ой салды). Мысалы: *Жердің, көктемнің жөнін сұрасқанда, Досан қарт, Әлмен, Сәлмен үшеуі ойлана, біріне-бірі ақыл қоса сөйлесті* (М. Әуезов).

Төрелік айтты/төресін берді (ақыл айтып, кеңес берді, келісім айтты). Мысалы: *Сүйте жүріп, екі баласына ыстық асты әкеліп қоя отырып, аналық бір төрелік айтты* (М. Әуезов).

«Интеллектуалдық қызметті білдіретін ТТ» тобына жататын тұрақты сөз тіркестерінен адамның ақыл-ой жүйесі жеке емес, қоршаған ортамен байланыс орнату арқылы жетілетінін, танылатындығын аңғартады.

«Интеллектуалдықабілетті сипаттайтын ТТ» тобына:

1. «Ақылды, дана» мағынасындағы тұрақты тіркестер.

Өресі биік [жоғары, төмен] (диал. ақыл-ойы, шалымы өте жоғары). Мысалы: *Кім болса да, баласын өресі биік жан болса екен деп тілейді* (ауызекі сөйлеуде).

Жіті көз (өткір көз, көреген). Мысалы: *Панферов ойынан тез серпіліп, төңірекке көз жіберді. Әскери адамның жіті көзі күзгі қоңырқай жер реңінде әрең байқалатын, жақсы тасаланған зеңбіректерді байқады* (Т. Ахтанов).

2. «Білімді, тәжірибелі» мағынасындағы тұрақты тіркестер.

Бес саусақтай білді (жатқа білді, жетік білді). Мысалы: *Барлық сабақты бес саусақтай біліп алып, барлық класты аузына қаратса гой! – деп қиялданды Сапар* (М. Иманжанов).

Көзі ашық (білімді адам, тереңнен ойлайтын жан). Мысалы: *Ойласам, барласам, надан сахарадан, қараңғы қауынан шығып, көзі ашық адам болғанымды ен енді ұмытса керек, – деді Абай* (М. Әуезов).

Көзі қанық (жете білетін, білгір кісі). Мысалы: *Біздің мұғалім мектебіміздегі еі көзі қанық адам деп есептеймін* (ауызекі сөйлеуде).

Омыртқасы түзу жігіт (диал. білімді, ақылды, көрнекті, іскер жігіт). Мысалы: *Осы күні омыртқасы түзу жігіттердің дені отбасын құрып алған* (ауызекі сөйлеуде).

3. «Айлалы, тапқыр» мағынасындағы тұрақты сөз тіркестер.

Айла ойлады/айла жасады/айла басты (әдіс қылды, қулық іс істеді). Мысалы: *Егде тартқан алтыс айла жасап жүріп, қолына зорға қондырған жас әйеліне тез-ақ оралам, оған дейін сен де магазиндерге барып қайт, – деп кеткені де есінен шықты* (Р. Райымқұлов).

Айласы асты/айласын [амалын] асырды/айласын тапты (әдісі артып түсті; ретін келтірді, жөнін тапты, әдісін білді). Мысалы: *Қайратпен кіріп жалынбай, Ақылмен тауып айласын, «Мен қалайға» салынбай, Жылы жүзбен жайнасын* (Абай).

Тақыр жерден шөп шығарған (қу, айлакер адам туралы айтылады). Қулық, айла - тапқырлықтың белгісі ретінде алынып, контексте интеллектуалдық мәнге ие деп санаймыз. Сондықтан осындай мағынадағы фразеологизмдер де топтауға қосылған.

Тасбақаның аузынан шөп алған адам (диал. өте айлалы, тапқыр, епті адам).

Алтыс екі [алтыс алты] айлалы (қу, амалы көп). Мысалы: *Арт жағынан жауырыны бүлкіл дейді, Қыран бүктеп астына дәл басқанда. Құсы да, иесі де қоразданар, Алтыс екі айлалы түлкі алғанда* (Абай).

4. «Шешен, ақын» мағынасындағы тұрақты тіркестер.

Буынсыз [сүйексіз] тіл (шешен, сөзшен). Мысалы: *Буынсыз тілің, буулы сөзің, Әсерлі адам ұлына* (Абай).

Алмас тілді (өткір, әділ тілді; шешен сөзді; сөзі мірдің оғындай). Мысалы: *Тақылдаған таңдайы, Кере қарыс маңдайы. Алмас тілді немесе Шешен болар ма екенсің?* (С. Сейфуллин).

Көмейі [көмекейі] бүлкілдейді (1. Өте шешен сөйлейді 2. Бірдеңе айтысы келді, дегісі келді). Мысалы: *Арман сені де жақсы ізілдеген екен. Көмейің бүлкілдей берсін, шырағым. Бірақ, айтқаным айтқан: я Телгарамен, я Абзаловпен бол!* (Ә. Тәжібаев).

Жағы жоқ ақын [жан, шешен] (сөзуар, шешен адам туралы айтылады). Мысалы: *Қалтадан өлең екен шыққан қағаз, Жағы жоқ ақын екен жігіт сабаз. Көшіріп ап өлеңді қолыма алдым, Жел сөзге онан өтер ақындық аз* (М. Сералин).

Орақ ауыз [ауызды]/от ауыз [ауызды]/от тісті [тілді] (өткір, өктем тілді, адуын мінезді;